



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• 8D01601 –Тарих

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде тарих пәні оқытушысы кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыра алатын, кәсіби құзыреттіліктеріге ие және оны практикалық іс-әрекетте қолдану біліктіліктері бар бәсекеге қабілетті маман даярлау
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	Білім беру және тәрбиелеу, сондай-ақ ғылыми қызмет, білім берумен байланысты мемлекеттік реттеу

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1** - тарихи білім беру саласы жайлы жүйелі түсінігін көрсетеді, қазіргі ғылыми парадигма қағидаттарын ескере отырып және пәнаралық зерттеулердің жаңа әдістерін қолдана отырып, тарихи зерттеулердің дағдылары мен әдістерін қолданады;

**ОН2** - студенттер мен зерттеушілердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру үшін инновациялық технологиялармен интеграциялай отырып тарихи білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу процесін жобалайды, енгізеді және бейімдейді;

**ОН3** - ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайықты, тарихи ғылымның шекарасын кеңейтуде, ерекше өзіндік зерттеулерімен үлес қосады;

**ОН4** - «Тарих» саласы мен кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістері саласындағы жаңа білімдерді дамытады; жаңа және күрделі идеяларды талдайды, бағалайды және синтездейді;

**ОН5** - ғылыми форумдарда, конференциялар мен семинарларда өз білімдері мен жетістіктерін ауызша және ғылыми жазба түрінде баяндайды; ғылыми байланыстар қалыптастырады;

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН6** - оқытудың жаңа технологияларын (соның ішінде АКТ және мультимедиялық бағдарламалар мен Интернет ресурстарын) шет тілінде ақпарат жинау және ғылыми нәтижелерді тестілеу үшін белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданады; ғылыми жетекшімен және ғылыми кеңесшімен жетекшілігімен орындалған әр түрлі оқу-тәжірибелік сабақтарға, есептерді, баяндамалар мен ақпараттарды талқылауға қатысады;

**ОН7** - сыни және шығармашылық ойлауды, жеке білімпаздылық пен кәсіби өсуге ықпал ететін оқыту және бағалау стратегияларын қолдана отырып, білім беру ресурстарына талдау жасайды;

**ОН8** - қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтарының рөлін, олардың экономикалық және мәдени құрылымдар мен процестердегі қатынастарын, олардың Қазақстанның тарихи даму барысына әсерін анықтай алады;

**ОН9**- арнайы ақпаратты талдайды және тиісті тұжырымдар мен қорытындыларды жасайды және білімге негізделген қоғамның прогресі үшін, технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуға үлес қосады.